

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ  
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ  
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

10.02.2023 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, АК мүшесі, академиялық персонал – У.Раметова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі –М. Жанзакова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева

**Күн тәртібі:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу.
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу.
3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру.
4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына сәйкес магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредиттің 8 кредитке азаюына байланысты, артылған 4 кредитті үлестіру туралы

**Тыңдалды:**

**1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу.**

**2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу.**

**АК төрағасы С.Бейсембаева:**

Бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан *бірінші және екінші мәселені* бірге қарауға ұсыныс беремін.

Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша академиялық комитетіне қарасты үш білім бағдарламасы бар: 7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті, 7M01737 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі. Осы үш білім беру бағдарламасына аудит жасалып, жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстары жинақталып, зерттелді. Сыртқы эксперттердің сараптамалық тұжырымдамалары жинақталды.

Сыртқы эксперттері сараптамалық тұжырымдамалырында бір ауыздан «білім беру бағдарламалары заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қабілетті, әлеуметтік ортада зерттеу және басқару қызметін тиімді жүзеге асыратын, жоғары оқу орындары мен орта арнаулы білім беру мекемелерінде арнайы пәндерді оқыту үшін қажетті білімі мен іскерлігі бар, кәсіптік білім беру жүйесінің келесі сатысы- докторантурада оқуын жалғастыруға дайын кәсіби мәдениет деңгейі жоғары педагогтарды дайындауға бағытталғаның атап өтті. БББ-лары педагогикалық кадрларды даярлау сапасын бағалаудың мақсатын, мазмұнын, жоспарланған нәтижелерін, жүзеге асыру



жолдарын, саясатын айқын көрсетеді. БББ-лар магистранттың құзыреттілік моделі тіл мен әдебиеті, педагогика және оқыту әдістемесі саласында іргелі теориялық және практикалық білімі бар бітірушінің жалпыкәсіби және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтиды» деген.

Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитінің нәтижелерін, жұмыс берушілердің ұсыныстарын, сыртқы эксперттердің пікірлерін негізге ала отырып, аталған БББ-ларды ББ тізілімдемесінде тіркеуге жіберу туралы ұсыныс білдіремін.

**Жұмыс беруші өкілі Р.К. Урумова:**

Біз БББ-ларын жан-жақты зерттеп қаралдық. Бұл БББ-лары Дублин дескрипторының талаптарына сәйкес әртүрлі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін пәндер траекториясын таңдаудың алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Білім беру бағдарламаларының пәндері еңбек нарығына қажетті негізгі кәсіптік құзыреттерді қалыптастырады.

БББ университет компонентіне және таңдау компонентіне кіретін міндетті және таңдау пәндерінен тұрады. Магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерінің жиынтығы магистранттардың ғылыми-зерттеу қабілеттерін дамытуға, олардың шығармашылық әлеуетін, жеке қабілеттерін ашуға, жеке тұлғалық дамуына бағытталған облысымыздың қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық-өңірлік құрамдас пәндермен қамтамасыз етілген.

БББ-дың күшті жақтары ретінде оқу нәтижелері мен кәсіптік цикл пәндерін қалыптастыруда жұмыс берушілер мен білімгерлердің талаптары, сондай-ақ оқытудың ерекшеліктері ескерілетінін атап өткен жөн.

БББ-ның міндетті бөлігіне білімгерлердің кәсіби құзыреттіліктерін кешенді түрде қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық тәжірибе және тағлымдама кірген.

Білім беру бағдарламалары кәсіптік қызметке қажетті іргелі білімі, дағдылары мен құзыреттері бар педагогика ғылымдарының магистрін сапалы дайындайды. Сол себептен, аталған БББ-лар ББ тізілімдемесінде тіркеуге жіберуге лайықты деп ойлаймын.

**3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру.**

**АК төрағасы С.Бейсембаева:**

Барлық ұйымдастыру жұмыстары жасалынды. Бағдарламасы жасалынды, интервьюге қатысатын білімгерлердің, жұмыс берушілердің тізімдері берілді.

**4. АК төрағасы С.Бейсембаева** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы кафедраларға таратылып және талқылаудан өткені туралы айтып кафедра меңгерушілеріне талқылау нәтижесімен таныстыруды ұсынды.

**Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Г.Қ. Жылқыбай:**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына сәйкес магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредиттің 8 кредитке азаюына байланысты, артылған 4 кредит 2022-2023 оқу жылына арналған 7M01737 - *Қазақ тілі мен әдебиеті* білім беру бағдарламасындағы 3 семестрдегі төменде көрсетілген таңдау пәндеріне үлестіруді ұсынып отырмыз:

1. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі/ Интегративтік лингвистика және оның қолданбалы аспектілері 5 кредиттен 6 кредитке;

2. Жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі/Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың заманауи білім беру технологиялары 5 кредиттен 6 кредитке;

3. Латын негізді қазақ жазуы және орфографиясы/Жоғары мектепте әдебиетті оқытудың заманауи білім беру технологиялары 6 кредиттен 7 кредитке ауыстырылды.

**Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі М.Е.Сейтова:**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына сәйкес магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредиттің 8 кредитке азаюына байланысты, артылған 4 кредит 2022-2023 оқу



жылына арналған 7M01708 - Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасындағы 3 семестрдегі төменде көрсетілген таңдау пәндеріне үлестіруді ұсынып отырмыз:

1. Кәсіби шет тілі/Материалдарды жобалау мен дамыту 5 кредиттен 7 кредитке;
2. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы шеттілдік білім беру жүйесінде/Лингвистикалық зерттеулердегі жаңа технологиялар 5 кредиттен 6 кредитке;
3. XX ғасырдағы Түрік лингвистикасы/ Түрік тіл білімінің негізгі мәселелері 5 кредиттен 6 кредитке ауыстырылды.

**Орыс тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі С.Б.Бейсембаева:**

7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша осы мәселе бойынша келесі ұсынымыз бар:

1. Интегративтік лингвистика және оның қолданбалы аспектілері/Екінші тілді меңгеру теориясы пәннің 5 кредиті 6 кредитке үлестірілсін.
2. Паралингвистика/Ұлттық мәдениет контексіндегі қарым-қатынастың бейвербалды модельдері пәннің 5 кредиті 7 кредитке үлестірілсін.
3. Лингвомәдениеттану мәселелері мен тенденциялары/ Көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдылары пәннің 5 кредиті 6 кредитке үлестірілсін.

**Шешім:**

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына сәйкес магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғауға берілген 12 кредиттің 8 кредитке азаюына байланысты, артылған 4 кредит 2022-2023 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларында 3 семестрдегі төменде көрсетілген таңдау пәндеріне үлестірілсін.

**7M01737 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша:**

1. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі/ Интегративтік лингвистика және оның қолданбалы аспектілері 5 кредиттен 6 кредитке;
2. Жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі/Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың заманауи білім беру технологиялары 5 кредиттен 6 кредитке;
3. Латын негізді қазақ жазуы және орфографиясы/Жоғары мектепте әдебиетті оқытудың заманауи білім беру технологиялары 6 кредиттен 7 кредитке үлестірілсін.

**7M01708 - Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша:**

1. Кәсіби шет тілі/Материалдарды жобалау мен дамыту 5 кредиттен 7 кредитке;
2. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы шеттілдік білім беру жүйесінде/Лингвистикалық зерттеулердегі жаңа технологиялар 5 кредиттен 6 кредитке;
3. XX ғасырдағы Түрік лингвистикасы/ Түрік тіл білімінің негізгі мәселелері 5 кредиттен 6 кредитке үлестірілсін.


**7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша:**

1. Интегративтік лингвистика және оның қолданбалы аспектілері/Екінші тілді меңгеру теориясы пәннің 5 кредиті 6 кредитке;
2. Паралингвистика/Ұлттық мәдениет контексіндегі қарым-қатынастың бейвербалды модельдері пәннің 5 кредиті 7 кредитке;
3. Лингвомәдениеттану мәселелері мен тенденциялары/ Көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдылары пәннің 5 кредиті 6 кредитке үлестірілсін.

2. Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша академиялық комитетіне қарасты үш білім бағдарламасы: 7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті, 7M01737 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі БББ-лар ББ тізілімдемесінде тіркеуге жіберілсін.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:



С. Бейсембаева

У. Раметова